

## **Докторантураға түсушілерге арналған жадынама**

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

### **Докторантураға қабылдауды ұйымдастыру мерзімдері:**

#### **Өтініштерді қабылдау және ҰТО ақпараттық базасына тіркеу:**

- 2022 жылдың 3 шілдеден 3 тамызға дейін;
- 2022 жылдың 1-18 қараша аралығында.

#### **Қабылдау емтихандары:**

- 2022 жылдың 4 - 20 тамыз аралығында;
- 2022 жылдың 5 желтоқсаннан 11 желтоқсанға дейін.

#### **Докторантураға қабылдау:**

- 28 тамызға дейін;
- 2022 жылдың 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

### **1 – ҚАДАМ - докторантураға түсу емтиханына қатысу үшін өтініш беру үшін:**

- 1) Сайтқа өтініз [app.testcenter.kz](http://app.testcenter.kz) және интерфейс тілін таңдаңыз;
- 2) электрондық пошта арқылы өтініш беру жүйесінде тіркелу (Ұлттық тестілеу орталығынан алынған хатта міндетті түрде электрондық поштаны растау қажет);
- 3) өтініштерді беру жүйесінде алынған логин мен пароль арқылы авторлану керек (логин мен пароль көрсетілген хатты жоюға болмайды);
- 4) ЖСН көрсету және іздеу батырмасына басу (тегі, аты-жөні автоматты түрде шығады), байланыс телефон нөмірін көрсету;
- 5) "өтініш беру" қойындысына өтіп, "жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру" тармағын таңдаңыз;
- 6) қажетті түрде - түсу емтихандарын таңдау;
- 7) тіркелу үшін деректерді толтыру;
- 8) түсу емтихандарын өткізу қағидаларымен танысқанын растау;
- 9) төлем әдісін таңдау және емтихан үшін төлем жасау. Барлық кезеңдерден сәтті өткеннен кейін «өтініш сәтті берілді» шығады!

Оқуға түсуші тестілеуді тапсыру қаласын өз бетінше таңдайды. Егер оқуға түсуші берілген өтінішке (емтихан тапсыратын қала, білім беру бағдарламалары тобы, емтихан тапсыратын тіл) өзгерістер енгізу қажет болған

жағдайда, оған өтініштерді қабылдау базасы жабылғанға дейін редакциялау мүмкіндігі беріледі. Ол үшін сізге қажет:

- 1) "Менің тарихым" қосымша бетіне өтіңіз;
- 2) өтінішті ашу және "өтінішті редакциялау" батырмасын басу;
- 3) өзгерістер енгізу;
- 4) өңдеуден кейін "Сақтау" түймесін басыңыз.

Емтиханды өткізу орны мен уақыты туралы ақпарат оқуға түсушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

**2 - ҚАДАМ** - Түсу емтиханына қатысуға өтініш бергеннен кейін халықаралық шет тілін білу сертификатын растау үшін және түсу емтиханына рұқсат алу үшін ЖЖОКБҰ-ға келу қажет және университет порталында онлайн режимде тіркелу ([satbayev.hero.study](http://satbayev.hero.study)) керек.

Satbayev University қабылдау комиссиясына жүгінген кезде докторантураға түсуші келесі құжаттар пакетін ұсынады:

- 1) ректордың атына өтініш;
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 4) ағылшын тілін меңгергенін растайтын сертификат;
- 5) ҰТО берген (кез келген деңгейдегі) мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы сертификат (ҚАЗТЕСТ);
- 6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама).
- 7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
- 8) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;
- 9) соңғы күнтізбелік 3 жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар);
- 10) әскери куәлігі (ұлдар үшін);
- 4) және 8) тармақшаларда санамаланған құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған кезде қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Ұлттық тестілеу орталығы порталы арқылы жүгінген кезде:

- 1) түсушінің ЭЦП қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
- 2) болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми Консультантпен келісілген Жоспарланған диссертациялық зерттеудің электрондық негіздемесі;
- 3) Білім туралы электрондық құжат;
- 4) ағылшын тілінен тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат;

- 5) ҰТО берген (кез келген деңгейдегі) мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы сертификат (ҚАЗТЕСТ);
  - 6) өлшемі 3x4 сантиметр сандық фото;
  - 7) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/у нысаны бойынша Медициналық анықтама);
  - 8) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат;
  - 9) соңғы күнтізбелік 3 жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар). Портал арқылы жүгінген кезде түсушіге "жеке кабинетіне" ЭЦП-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі;
  - 10) әскери куәлігі (ұлдар үшін);
- Оқуға түсушіге құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

**3 – ҚАДАМ** - ЖЖОКБҰ-ға құжаттарды тапсырған кезде оқуға түсуші оқуға түсу үшін 1 ЖЖОКБҰ мен 1 БББТ таңдайды.

Оқуға түсушілердің "магистр" дәрежесі, сондай-ақ кемінде 9 (тоғыз) ай жұмыс өтілуі қажет.

Докторантураға түсу үшін жалпыеуропалық құзыреттілікке сәйкес ағылшын тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы міндетті шарт болып табылады:

- ағылшын тілі: IELTS Academic - кемінде 5,5 балл;
- TOEFL IBT- кемінде 46 балл;
- TOEFL PBT- кемінде 453 балл;
- TOEFL ITP- кемінде 460 балл;
- неміс тілі: DSH (Niveau B2 / в деңгейі);
- TestDaF-Prufung(Niveau B2 / B2 деңгейі);
- француз тілі: TFI- оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес;
- DELF- B2 деңгейі;
- DALF- B2 деңгейі;
- TCF- кемінде 50 балл.
- Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang (DSH,Niveau B2 / B2 деңгейі);
- Diplome de l' Etudes en Langue française (DELF, B2 деңгейі);
- Diplome Approfondi de Langue française (DALF, B2 деңгейі);
- Test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл);
- TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 деңгейі).

Сертификаты бар тұлғалар (TOEFL ITP (test of English as a Foreign Language institutional Testing Program) докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Докторантураға түсу емтиханы компьютерлік форматта мыналардан тұрады:

- 1) эссе жазу;
- 2) докторантурада оқуға дайындығына тест;
- 3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар;
- 4) сұхбаттасу таңдалған ЖЖОКБҰ-да «Эссе жазу», «ОДАТ» (докторантураға оқуға дайындығын анықтау тестіне) және «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін онлайн форматта өтеді.

**4 - ҚАДАМ** - Нәтиже алу және докторантураға қабылдау туралы өтініш жазу.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада оқуға түсу емтиханы бойынша кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының неғұрлым жоғары бағасы бар тұлғалар басым құқыққа ие болады.

Содан кейін эссе үшін баллдар, оқуға әзірлікке тест үшін баллдар, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science дерекқорының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квантильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы баллдар; "Clarivate Analytics" компаниясының Web of science деректер ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар.

Тұлғаларды докторантураға қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша ықтимал 100 балдан кемінде 50 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

**Қабылдау комиссиясының жұмыс кестесі:**

Дс-Жм: 09:00-18:00

Сенбі: 09:00-14:00

**Қабылдау комиссиясының телефондары:**

+7 (727) 292 77 79; +7 (727) 292 73 01

**Докторантура бөлімінің жұмыс кестесі:**

Дүйсенбі-Жұма: 8.30-17.30

Сенбі: демалыс

**Докторантура бөлімінің телефоны:**

+7 (727) 320 41 23

+7 707 955 37 42  
+7 701 424 66 61  
+7 776 290 24 59